

8D03205 – «Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» мамандығы бойынша философия PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған Шотаев Мади Турсынбековичтің **«Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалардың» құжаттары: тарихи-архивтанулық зерттеу (1937–1991)»** атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің

ШҚІРІ

Барлық мемлекеттердің архивтерінде жария етілуі ұлттық қауіпсіздікке зиян келтіруі мүмкін қорғаныс, саясат, экономика және елдің тіршілік әрекетін қамтамасыз етудің басқа да мәселелеріне қатысты құпия сипаттағы құжаттар сақталады. Әсіресе кеңестік дәуірде партия аппаратының қоғамды идеологияландыруы, архивтік ақпараттарды пайдаланудың қатаң бақылауда болуы және партиялық құжаттардың жалпы көпшілікке, зерттеушілерге қол жетімсіздігі, шектеулер, ішінара шектеулер қойылуы кеңінен орын алды. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің барлық салаларындағы жүйелі-институционалдық өзгерістер кезеңінде тарих ғылымы мен архив қызметінің өзекті міндеттерінің бірі республикада кеңес кезеңіндегі әлеуметтік процестерді объективті зерделеу болып табылады. Осы себептен Шотаев Мадидің диссертациялық жұмысы ғылыми тұрғыдан өзекті мәселе деуге болады.

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында партиялық құжаттардың пайда болуы және архивтерде сақталуы, «Ерекше папка» грифінің пайда болуы және атқарған ролі, партиялық құжаттарды ғылыми айналымға енгізу, партиялық құжаттарды пайдаланудың кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі ұйымдастырылуы туралы отандық және шетелдік тарихшылардың, архивтанушылардың пікірлерін салыстыра отырып мәселе тұтастай қарастырылған. Ерекше папкалардағы құжаттардың пайда болуы, дамуы және жетілуі кезеңдерінің жаңа деректері анықталып сарапқа салынған. Зерттеушілердің назарынан тыс қалған көптеген дереккөздер сараланып соның арқасында ерекше папкаларда сақталған партиялық құжаттардың археографиялық пайдаланылуы мен сақталуының негіздері туралы пікірлер анықталған.

Екінші тарауында партиялық құжаттардың қалыптасуы, есепке алынуы, сақтау әдістері және олардың ғылыми, ғылыми-көпшілік, әлеуметтік-құқықтық сипаттарда қолданылуы барысын жан-жақты талданып және сараланған. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалар» құжаттарының құрамы сипатталып, «Ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талданады.

Үшінші тарауында XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкалардың» ақпараттық құндылығын анықтау барысында:

- Бірінші тармақшада «ерекше папкалар» құжаттары тарихи дереккөз ретінде талданып, сипаттама берілді.

- Екінші тараушада «ерекше папкалардың» хаттамалық бөлімі құжаттары мазмұнына қарай сыныпталып, топтарға жіктелді.

- Үшінші тараушада «ерекше папкалардың» құпия бөлім құжаттары корреспонденциялық белгісіне және мазмұнына қарай топтастырылды.

Сонымен қатар 1937–1954 жылдардағы Қазақстанға халықтардың күштеп қоныс аударуының «ерекше папкаларында» көрінісі, «Ерекше папкалар» құжаттары бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Қытай Халық Республикасынан қоныс аударып келген «шекара асушыларға» қатысты саясаты және 1939–1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғысты зерттеудегі «ерекше папкалар» құжаттарының рөлі жан-жақты талданады. Зерттеудің тарихилық пен ғылыми объективтілік принциптері негізінде монографиялық еңбектер мен ғылыми жинақтарда жарияланған тұжырымдар мен «ерекше папкалар» құрамындағы дереккөздердің мәліметтері сарапқа салынды.

«Ерекше папкалар» құжаттары бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Қытай Халық Республикасынан қоныс аударып келген «шекара асушыларға» қатысты саясаты жайлы деректер ғылыми айналымға енгізілген.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы жоспарға сай кіріспеден, үш тараудан және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшалардан тұрады.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, Шотаев М.Т. «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалардың» құжаттары: тарихи-архивтанулық зерттеу (1937–1991)» тақырыбында жазылған докторлық диссертация жұмысында ғылыми зерттеулері, қойылған мақсаты және міндеттері талапқа сай орындалып, ғылыми жаңалықтары жазылып даярланған.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережесінің талаптарына толық сәйкес келеді. Ұсынылған жұмысты 8D03205 – «Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

**Ғылыми жетекшісі,
тарих ғылымдарының докторы,
ҚР Президентінің Архиві
директорының орынбасары**



К.Ш. Әлімғазин